

Мәдениет

№3 (151) Наурыз 2019 жыл



Тағдыры ұқсас адамдар

немесе ерлі-зайыпты Жақсылық және Жаңылдық Ғайсиндер туралы

Арамызда адал еңбек және маңдай терлерімен ел арасында үлкен абыройға бөленген ағаларымыз бен апаларымыздың ғұмыр кешіп жатқаны қандай ғанибет десеңізші. Бүгін әңгімеге арқау болып отырған Жақсылық Ғайсиннің өмірі де көпке өнеге. Өйткені, ол мына тіршіліктегі барлық құрмет пен беделге өзінің еті тірлігі, қайтпас қайсарлығы және өжет мінезінің арқасында жетті. Төменде оның бойындағы осындай жастарға тәлім болар асыл қасиеттеріне тоқталамын.



ӘКЕНІ КӨРУ БАҚЫТЫ БҰЙЫРМАДЫ

Әке асқар тау дейміз. Оның орны қашан да бөлек. Соны кішкентайынан сезініп, оны бір көруге зар болған кісілердің бірі - бүгінгі кейіпкеріміз әрі абыз Жақсылық аға. Ол өзіміз сырттай мақтан тұтатын Торғай өңірінің перзенті. 1943 жылы 18 мамырда Қостанай облысына қарасты қазір Аралбай деп аталатын елді- мекенде дүниеге келді.

Оның тебіреніс үстінде баяндаған өмірбаянына шолу жасайтын болсақ, әкесі Ғайса Отан үшін от кешіп, қанды майданға аттанған жылдары анасы Хадишаның ішінде қалыпты. Сол кезде тұла бойы күш-қайратқа толы қайран отағасы уыздай жас келіншегімен қоштасып тұрып: «Аяулым, мен соғысқа аттанып барамын. Егер ұл табатын болсаң есімін Жақсылық деп қой. Ғұмырын тек елі мен жұртына жақсылық жасауға арнасын. Өйткені, тіршілік бес күндей өте шығады. Халқыңа істеген игілікті ісің еш ұмытылмайды» депті.

Күйеуінің осы бір жүрекжарды ізгі тілегі мен

өтініші сүйген жарының жадында мәңгілік сақталып қалды. Соны өмірден өткенше бойтұмардай ұстанды.

Толарсақтан саз кешіп, от пен оқтың арасында жүрген есіл азамат туған жеріне оралмады. Топырақ жат жерден бұйырды. Ғайсаның киелі шаңырағында шекесі торсықтай ер бала туылды. Оның өтініші орындалып, бұған Жақсылық деген есім қойылды.

Егер Сталиндік қуғын-сүргін болмағанда бұның шешесінің де өмірі мүлде басқаша болар ма еді. Өкінішке орай, ол елде сатушы болып жүргенде дүкенге ұры түсіп, біраз заттарды қымқырып кеткен. Сол кездегі асыра сілтеудің зардабынан жоғалған дүниелер мұның мойнына артылып, үш жылға сотталды.

Хадиша апамыздың қолынан келер дәрмен болған жоқ. Ұсақ-түйек нәрселердің үлкен зияны тиіп, бұрын-соңды естіп білмеген Моңғолиядан бірақ шықты. Түрме әрине курорт емес, жүрегі нәзік жазықсыз жан амалсыз барлық ауыртпалықтарды бастан кешуге тура келді.

Қазір ойша көз жүгіртіп отырсақ, сол кезде Жәкең бес-алты айлық нәресте екен. Әке-шешеден

еріксіз айырылған балақайды нағашы жағы бауырына басты. Қанша дегенмен анасының бауыры ғой. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай тәрбиеледі.

Бұл орайда сол өңірге атақ-абыройлары белгілі әулеттің белді өкілі Қозыке Арыстанұлының кішкентай ғана нәрестеге тірек әрі пана болғандығын ерекше айтып өткеніміз лазым. Сонымен қатар ана орнына ана болған Бибігүл әжесінің алар орны тіпті бөлек.

Уақыт зырылдап өте берді. Тұл жетім болып қалған баланың анасы Хадиша да өзінің кесімді жазасын өтеген соң, араларына қайтып келді. Алыс пен жақынды бала мен ит жақсы айырады емес пе. Оның өзіне деген айрықша адами жылы қарым-қатынасынан жұдырықтай жүрегі ерекше мейірімділік пен жылы шуақты сезінді.

Жастай сүйіп қосылған күйеуі қанды майданнан оралмаған соң, ол қайта тұрмысқа шығып, түтін түтетті. Сөйтіп, тіршілік қайта жалғаса берді. Жақсылық ағаның мектеп табалдырығын аттайтын уақыты таяп қалды. Сонау 50-ші жылдардың басында ол оқушы ретінде тегін Қозыкин деп жаздырды. Арада көп жылдар өткен соң, өз әкесінің атына жазылып, Ғайса атамиздың атын күллі исі қазаққа әйгіледі.

Жетім баланың жағдайы белгілі. Бұғанасы бекімей жатып қара жұмысқа жегілді. Небәрі он үш жастағы бала таңмен таласа тұрып, бригадирдің айқайымен тәтті ұйқысын қиып, оның айтқанын мүлтіксіз орындайтын. Шөп шапты, ат жеккен тырмаға отырды. Мала тартатын өгіздерді айдады. Таңдау болған жоқ. Мұны ерте есейтіп, қиындықтарға шынықтырды.

Сонымен, 1960 жылы ол Жангелдин орта мектебін тәмамдап, орта білім туралы құжат алды. Өз қатарларынан жағдайы келетіндер үлкен қалаларға білім іздеп аттанды. Тұрмыстары көтермейтіндері елді-мекенде қалып, ауыл шаруашылығына қатысты мамандықтарды игерді.

Жақсылық аға ес білгеннен көпшіл, адам жатырқамайтын ақжарқын мінезімен халықпен тез араласып кететін. Сондықтан қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, өзінің бойындағы



ұйымдастырушылық, іскерлік қабілеттерімен жұртшылыққа танылды.

Сол балалық шағы өткен ауылдағы клубтың меңгерушісі ретінде өз қызметін ұршықша үйірді. Өнер саласын өркендетуге барынша атсалысты. Дарынды жігіттер мен қыздар аудандық, облыстық байқауларда топ жарып, есімі көпке таныла бастады.

Оқырмандарға белгілі, кешегі Кеңес үкіметі кезінде Бүкілодақтық екпінді құрылыс секілді еңбек майдандары

көрігін қыздырғандары белгілі. Сол кезде қазіргі кеншілер қаласы атанған Рудный шаһарына келіп, жүргізушілік жұмысты атқарды.

Жігерлі бозбаланың жанарындағы жалындаған отты, алған бетінен қайтпайтын өр мінезді көрген басшылар оны «Промстрой» құрылыс басқармасының комсомол ұйымының хатшысы етіп сайлады. Сөйтіп, ол өзін нағыз алғы шептің адамы ретінде көрсетті. Қажырлы еңбегі ескеріліп, сонау алып Одақтың астанасы болған Мәскеудің төріндегі съездер сарайында отырды.

Қазақта «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» деген аталы сөз нағыз өмірден ойып алынған. Ол ғұмырлық сыңарын іздеп жүргенде ұлтымыздың өзі секілді жансарайы сұлу бойжеткені Жаңылдыққа жолықты. Бұл шақта ол он сегізде еді. Өзі қайта оралмас жиырма бес жастағы бозбала-тын.

Бір тоқтала кетер жай, олар бір-бірін жақсы түсіністі, жүректерімен ұғысты. Өйткені, таңдаған болашақ жарының да тағдыры өзіне ұқсас еді. Оның ардақты анасы жиырма үш жасында дүниеден өтіп, нағашыларының қолында тәрбиеленген-ді.

Жас жұбайлар 1968 жылы жеке шаңырақ көтерді. Өздерінің еңбекқорлықтары, алдағы асқақ армандарына ұмтылыстары, адамгершілік, кісілік қырларының арқасында айналасындағыларға сыйлы, кейінгі жастарға ғибрат боларлық отбасылар қатарына қосылды.

Сол жылдарға саяхат жасаған Жаңылдық апамыздың айтуына қарағанда, өздері жетімдіктің ащы дәмін татып өскендіктен бе, ата-ананың қадірін, мейірімін жете түсінетін. Өз алдарына отау болған кездері ерлі-зайыптыда жоғары білім де болмапты.

Намысқа тырысқан бұлар алдарына қойған биік мақсаттарының жолында аянбай тер төкті.

«Бірлік бар жерде тірлік бар» деген қағиданы берік ұстанды. Апамыз азаматының мәртебесін жоғары қойды. Алдымен, Жақсылық ағаның өндірістен қолы үзбей жүріп, Семей қаласындағы зооветеринарлық институтында алаңсыз оқып, зоотехник мамандығын алып шығуына жағдай жасады.

Әйел затына отағасының қас-қабағына қарап, үйіне келген қонағын күтуі, балаларына қарауы мен тәрбиесінен басқа да атқаратын шаруалар шаш етектен. Сондай кездері шаңырақ иесі де оған түсіністік танытып, келіншегінің жас кездегі асыл арманының жүзеге асуына мұрындық болды.

Отанасы Арқалық қаласындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетін тәмамдады. Зейнеткерлікке шыққанша өзі қызмет атқарған білім ордаларында оқушыларға орыс тілінен дәріс берді.

Ұзақ жылғы педагогикалық еңбегі, тың ізденістері лайықты бағаланып, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі атағына ие болды. Қазір оның көптеген шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі салада еңбек етіп, Жаңа Қазақстанның өркендеп, гүлденуіне өздерінің үлестерін қосып жатқанын үлкен мақтаныш тұтады.

ҰЛЫЛАР ТАҒЫЛЫМЫ

Өткен жылдарда Жақсылық Ғайсаұлы өзінің табандылығы мен бірбеткейлігі, өз саласын жетік білуінің арқасында талай лауазымды әрі жауапты қызметтерді білгірлікпен атқарып, еліміздегі таңдаулы қайраткерлердің бірегейі атанды.

Оның жастық шағындағы яғни 1969-1973 жылдары Арқалық аудандық комсомол комитетінің екінші және бірінші хатшысы болғанын замандастары ерекше ықыласпен ауызға алады. Оның өзгелерге ғибрат болатын қырлары – қарапайымдылық, үлкен мен кішіге құрмет, қызмет бабында өзін өзгелерден жоғары қоймау-тын. Әрдайым «Ұлық болсаң, кішік бол» дегенді ұстанды.

Қай қызметте болмасын жауапкершілік пен түпкі нәтижеге айрықша көңіл бөлді. Сөзден гөрі нақты істі жаны сүйетін. Оның іскерлік қырлары кәсіподақ, кеңшар басшысы, қос ауданда әкім және басқа да лауазымды жұмыстарды атқарғанда ерекше көрінді.

Сұхбаттасым өмірінде көптеген жандары жайсаң, жүректері елім және халқым деп соққан ұлтжанды кісілермен қызметтес, сырлас, дәмдес, мүдделес болғандығын шексіз бақытқа балайды.

Әсіресе, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері Өзбекәлі Жәнібеков пен Еркін





Әуелбековтің шапағатын көргендігін, тәлім-тәрбиесін алғандығын сағынышпен еске алады.

Мәселен, Өзағаң кезінде Торғай облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болған кезде бұл өңірдің мәдениеті мен руханиятын өркендетуге айтарлықтай еңбек сіңіргендігін әлі күнге дейін сондағы інілері мен қарындастары жырғып айтады.

Сондай-ақ Еркін Әуелбеков аталмыш облысты басқарған жылдары Жақсылық Ғайсаұлының біліктілік қасиеттерін дер кезінде көріп, оны Қима ауданындағы «Құмай» мал бордақылау кеңшарының директоры лауазымына тағайындатты.

Осы ерекше ұйымдастырушылықты, көрегенділікті қажет ететін жұмысты үлкен абыроймен атқарды. Өзіне жүктелген міндетті мүлтіксіз жүзеге асырып, шаруашылықты адам танымастай өзгертіп, атақ-даңқын сонау Одаққа шейін көтеріп, кез-келген ұжымның қолы жете бермейтін Ауыспалы Қызыл Туды жеңіп алып, күллі облыстың мәртебесін асқақтатты.

Мұның тапқырлығына, адамдарды жұмылдыра білетін қарым-қабілетіне көзі айқын жеткен Еркін Нұржанұлы көп өтпей қазағы қалың, кіл өзіміздің бауырларымыз тұратын әрі ата-бабамыздан келе жатқан салт-дәстүріміз берік сақталған Амангелді ауданының ауыл шаруашылық басқармасының

басшысы етіп жібергені де күні кешегідей есінде. Кадрды жазбай танитын қайран Ерекең 1983 жылы дәл мұның туған күні 18 мамырда сол жерге келген сапарындағы басқосуда жұртшылыққа мұны үлгі етіп: «Мен бұл азаматты жақсы білемін. Оның өткен өмір жолымен жете таныспын. Болашақта үлкен асуларды бағындырып, халқына адал қызмет ете беретіндігіне нық сенімдімін» деген екен.

Ол жылдар өткен сайын басшылық тәжірибесі барынша артып, халықтың мұң-мұқтажына, талап-тілегіне сергек қарап, өзіне жүктелген аманаттардың үдесінен шықты. Оның іскерлік қырлары жоғарыда аталған ауданның Иманов атындағы кеңшардың тізгінін ұстаған кезде барынша жарқырап көрінді.

Бертін бұрынғы Торғай облыстық ауылшаруашылық басқармасы басшысының орынбасары, содан кейін Амангелді және Жангелдин аудандарының әкімі болған кездері де жергілікті ағайындар тарапынан азаматтық тұлғасы жоғары бағаланды. Себебі, осы шақтары жергілікті жерлерде қордаланып әрі шешімін күтіп тұрған мәселелер бұның батыл әрі білгірлікпен жасаған әрекеттерінің нәтижесінде ойдағыдай жүзеге асты.

Осы арада сөзіміз жалаң болмас үшін нақты деректер мен дәйектерді келтіре кетелік. Ол Жангелдин ауданына басшылық еткенде зейнеткерлер зейнетақысын мұғалімдер мен дәрігерлер

еңбек ақысын, ал аналар балаларына тиісті жәрдемақыларын ала алмай қиналып жүр еді. Сол уақытта аудан бойынша жұртшылыққа берешек 126 млн теңгені құрапты.

Қарап отыратын уақыт па? Тығырықтан жол табу үшін күндіз күлкіні, түнде ұйқыны ұмытты. Бұл уақытта әрине, оның өмірлік бай тәжірибесі, жинақтаған білім-білігі, жоғары жақтағылардың алдына мәселені ашық қоя біліп, кадрлардан жұмысты талап ету секілді батылдығы игі жемісін берді. Қаншама қазақ жігіттерінің қызмет баспалдақтарымен жоғары көтерілуіне ықпалы тиді.

ДОСҚА АДАЛДЫҚ, УӘДЕГЕ БЕРІКТІК

Жәкең қандай лауазымды қызметте жүрсе де креслодан гөрі парасаттылықты, қайырымдылық пен кісілікті биік қойды. Бір мүдде жолында еңбек ете жүріп, сол жылдарда табысқан әріптестері кейін тіршіліктегі ең жақын қимас адамдарына айналды. Кейбіреулерімен жақын туыс болып кетті.

Мәселен, Торғай және Қостанай облыстарын басқарған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Кенжебек Үкіұлының азаматтығын бұрыннан өзіне үлгі тұтатын. Жылдар өте екінші ұлы Ержан осынау тұлғаның сүйікті қызы Ләйләмен тағдырын қосып, отау көтерді. Сөйтіп, екі белгілі ағамыз мың жылдық құда болды. Екі жақтағы Жаңылдық және Сара апаларымыз сырлас құдағилар атанды.

Қос шаңырақтағы ата-әжелері ортақ немерелері Асқар мен Кәмиләның өмірдегі қызықтары мен қуаныштарын, оқудағы табыстарын бірге бөлісіп, оларға тірек болып келеді. Ләйлә болса, ата-енесіне өз әке-шешесіндей ерекше ықыласпен қарайды.

Жақсылық аға мен Жаңылдық апамыздың үлкен ұлдары Бақыт пен келіні Айжан да ата-анасының қамқоршысы. Олардың қыздары Салтанат тұрмыста. Азалия, Нұрали есімді балалары әулеттің мәні мен сәні.

Кейіпкеріміз жаны руханиятқа жақын, өнер десе ішкен асын жерге қоятындықтан ба, өзі әрдайым әдебиетіміз бен мәдениетімізге үлкен құрметпен қарайды. Кезінде сонау Алматыдан Торғайға атбасын бұрған ұлтымыздың бетке тұтар ұлы ақындары мен жазушылары Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, Сәбит Досанов, Қоғабай Сәрсекеев, талантты қаламгер інілері



Серік Тұрғынбеков, Серікбай Оспанов, Қонысбай Әбілевтер мұның шаңырағына келіп түсетін.

Жақсылық ағаның өзі де шығармашылыққа бейім. Беделді басылымдарға өзіндік көзқарасын білдіріп, мақалалар жазады. Қазақтың қара домбырасын қолына алып, күмбірлете күй тартады. Шәмші Қалдаяқовтың лирикалық әндері мен халқымыздың өлмес туындыларын жүректерге жеткізе біледі.

Дос дегеннен шығады. Ол Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, руханиятымызда белгілі тұлға, сазгерлігімен аты шыққан Жұмағали Өмірбековпен қимас бауырлардай болып кетіп еді. Оның «Неткен сүйікті ең» деген әнін екеуі қосыла шырқағанда араласатын замандастары еріксіз ұйып тыңдап қалатын.

Сол ұзақ жылдар сыйласқан досы Жұмағали ағамыз дүниеден өткенде қатты қайғырды. Оның қырқы өткенше қара шаңырағында болып, келімді-кетімді кісілерді қарсы алды. Өзі уәдеге беріктігімен де есімі көпке мәлім.

Өзіміз тілге тиек еткен абыз ақсақал 2013 жылы қасиетті Меккеде болып, қажылық парызын өтеді. Көп жылдар бойы еліміздегі қажылар қауымдастығының өңірдегі филиалының басшысы болды. Сондай-ақ облыстық Аймағанбет Спанұлы атындағы мешіттің жанындағы Зекет қорына жетекшілік етті. Халық алдында үлкен беделге ие болды.

Оның кезінде Иманов кеңшарында облыста алғашқылардың бірі болып мешіт ашқанын да халық ұмытқан жоқ. Әлі күнге дейін ислам дінін жастардың бойына сіңіруге, оларды Отансүйгіштікке баулып, Мемлекеттік тіліміздің өркендеуіне қомақты үлесін қосып келе жатқандығы бәрімізге аян.

Жүзге жетіңіз, ардақты да асыл аға!

Оразалы ЖАҚСАНОВ,
Қазақстанның Құрметті
журналисі